**Меншік иесі және баспагер:**
«Қазақстан Республикасының Заңнама институты» ММ
**2006 жылдан бастап шығады**
Журналдың материалдары **www.iz.adilet.gov.kz** сайтында орналастырылған
Заң ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялауға арналған басылымдар тізіліміне енгізілген (ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж. №894 бұйрығы)

**Редакциялық кеңес құрамы**
**Сәрпеков Р.Қ.** *(Астана, Қазақстан) – (төраға)*
**Абайділдинов Е.М.** *– з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)*
**Абызов Р.М.** *– з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Белых В.С.** *– з.ғ.д. (Екатеринбург, Ресей)*
**Губин Е.П.** *– з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Борчашвили И.Ш.** *– з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)*
**Мельник Р.С.** *– з.ғ.д. (Киев, Украина)*
**Моисеев А.А.** *– з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Муромцев Г.И.** *– з.ғ.д. (Мәскеу, Ресей)*
**Рахметов С.М.** *– з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)*
**Малиновский В.А.** *– з.ғ.д. (Астана, Қазақстан)*
**Шерубай Құрманбайұлы** *– ф.ғ.д. (Астана, Қазақстан)*

**Редакциялық алқа құрамы**
**Құлжабаева Ж.О.** *– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан) – (төраға)*
**Азер Алиев** *– PhD (Киль, Германия)*
**Айымбетов М.А.** *– ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (Астана, Қазақстан)*
**Байниязова З.С.** *– з.ғ.к. (Саратов, Ресей)*
**Елеусізова И.Қ.***– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)*
**Казиев З.Ғ.***– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)*
**Қоныс В.Т.** *– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)*
**Куликпаева М.Ж.** *– PhD (Астана, Қазақстан)*
**Мұшанов Т.Е.** *(Астана, Қазақстан)*
**Нұрғазинов Б.Қ.** *– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)*
**Нұрмағамбетов Р.Ғ.** *– PhD (Қостанай, Қазақстан)*
**Рахымбердин К.Х.** *– з.ғ.д. (Өскемен, Қазақстан)*
**Тегізбекова Ж.Ч.** *– з.ғ.к. (Бішкек, Қырғызстан)*
**Тілембаева Ж.О.** *– з.ғ.к. (Астана, Қазақстан)*

**Журнал редакциясы**
**Колтубаева Г.Б.**
**Ермек А.Б.**
**Жұмагелдина Б.Ж.**
**Байленова А.Қ.**
**Джамбуршин К.А.**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің БАҚ есепке қою туралы куәлігі № 11219-Ж 15.11.2010 ж.*
*(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №6592-Ж. 07.09.2005 ж.)*

**Мекен-жайы:**
Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғ., 8 үй
тел.: 8 (7172) 74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
**www.iz.adilet.gov.kz**
E-mail: instzak-kz@mail.ru, institutzakonodatelstva@gmail.com

# МАЗМҰНЫ

**Редакция бағанасы** ........ 8

*Қазақстан Республикасы Әділет министрі М.Б. Бекетаевтың халық алдындағы есебі* ........ 11

**«Жаршының» мұрағат беттері**

**С.К. ЫДЫРЫШЕВА** Адалдықтың, парасаттылықтың және әділдіктің азаматтық құқықтың қағидалары ретіндегі рөлі (ҚР ЗИ Жаршысы, №2(18)-2010., 40-43 б.) ........ 14

**К.Қ. САБИРОВ** С.К. Ыдырышеваның адалдықтың, парасаттылықтың және әділдіктің азаматтық құқықтың қағидалары ретіндегі рөлі ғылыми жарияланымына қайта оралғанда ........ 18

**Конституциялық және әкімшілік құқық**

**А.А. КАРАЕВ** Конституциялық қауіпсіздіктің ұғымы, құрамы және мазмұны ........ 22

**Р.К. ДЖИЕМБАЕВ** Азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру проблемасы туралы ........ 30

**Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы**

**Ұ.Е. КУДИЯРОВА** Мұрагерлік институты қалыптасуының және қазіргі кездегі қолдануының кезеңдері ........ 38

**Қылмыстық құқық және қылмыстық процесс**

**А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН** Жедел іздестіру шаралары мен жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық табиғаты мен олардың аражігін ажырату туралы ........ 45

**Р.Т. НУРТАЕВ** Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің экологиялық қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының субъективті белгілерін реттейтін нормаларын жетілдіру проблемалары ........ 54

**Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ** Азаматтықтан айыру: заңнамалық реттеудің және жүзеге асырудың кейбір мәселелері ........ 63

**Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану**

**М.А. ШӘКЕНОВ** Германия соттарының сот ісін жүргізуде прецедент сипатындағы қағидаларын қолдану тәжірибесі ........ 70

**Құқықтық мониторинг**

**И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК** Қазақстан Республикасының және шет елдердің заңнамасын коммерциялық, оның ішінде мемлекеттің қатысуы бар заңды тұлғаларды реттеу бөлігінде талдау ........ 76

**А.А. ДӘУЛЕТХАНОВА** Автомобиль көлігінің кейбір проблемалары мен даму перспективалары ........ 88

**А.У. ҚАЛИЕВА** Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің құқықтық мониторингінің кейбір мәселелері (ҚР Еңбек кодексіне талдау анықтамасының материалдары бойынша) ........ 98

**Н.М. ӘКІМОВА** «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне құқықтық мониторингінің кейбір мәселелері ........ 108

**Мемлекеттік тілдегі заң шығармашылығы практикасынан**

**Н.М. ПРИМАШЕВ** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы: стандарттық мәселелер ........ 117

**Н.Н. ИСАҚ** Рухани жаңғыру аясындағы тілдің рөлі ........ 121

**Жас ғалым мінбері**

**К.К. САБИРОВ, А.Т. БЕКЕН** Медиация адал алушы құқықтарын қорғау тәсілі ретінде ........ 126

**Р.Е. ЖАҚЫПОВ** Ұлттық ғылыми кеңестер қызметінің мәселелері ........ 133

**Ә. АРЫСТАН, Г.С. ТАТЕБАЕВА** Көлік экспедициясы шарты: саралау мен құқықтық реттеу проблемалары ........ 140

**Н.Б. БАГИСОВ** Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша қамтамасыз ету шараларын қолданудың кейбір проблемалары туралы ..... 150
**А.Е. АСАНОВ** Қазақстан Республикасындағы атқарушылық іс жүргізу: проблемалар және жетілдіру жолдары ..... 157
*ҚР Заңнама институтының 25 жылдығына орай жас ғалымдар арасындағы ғылыми еңбектер бойынша байқау нәтижелері*
**Д.М. БІРЖАНОВА** Цифрландыру процесі негізінде норма шығармашылықты демократияландырудың перспективалары ..... 164
**К.Ф. ИСАБЕКОВА** Норма шығармашылықтағы цифрландыру: міндеттер мен күтілетін нәтижелер ..... 170
**А.С. МОЛДАБАЕВ** Қазақстанда норма шығармашылық қызметінің мысалында Legal Tech дамуы туралы ..... 175
**А.Б. САТБАЕВА** Қазақстан Республикасында Төртінші өнеркәсіптік революция міндеттерін іске асыруды заңнамалық қамтамасыз ету ..... 180
**Қ. АЛЕХАНҚЫЗЫ** Қазақстан Республикасының әскери оқу орындарына әйел жынысты үміткерлер түсуінің кейбір мәселелері ..... 186
**А.М. АЙТУАРОВА** Электрондық үкіметті құқықтық реттеу саласындағы шет елдер тәжірибесін қолданудың мәселелері ..... 191

**Ғылыми өмір хроникасы**
Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, заңгер-ғалым Н.А. Шәйкеновке арналған естелік-аллея туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 9 маусым ..... 196
«Құқықтың үстемдігін қамтамасыз ету: жаһандық өзгерістер аясындағы жаңа мүмкіндіктер» атты V халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама, Астана қ., 2018 жылғы 15 маусым ..... 199
Қазақстанның жас ғалым-заңгерлер арасындағы «Заңды IQ» байқауына қатысты ақпараттық хабарлама ..... 204
Қазақстан Республикасы Заңнама институтының ғылыми қызметкерлері арасында зерттеу жұмыстарының байқауы бойынша ақпараттық хабарлама ..... 206
«Шетелдік субъектілердің қатысуымен әлеуметтік-еңбек қатынастары» атты VII жазғы құқықтық мектебі туралы ақпараттық хабарлама, Санкт-Петербург қ., Ресей Федерациясы, 2018 ж. 22-26 маусым ..... 209
Моңғолияға қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 25-30 маусым, Ұлан-Батыр қ. ..... 212
Украинаға қызметтік сапар туралы ақпараттық хабарлама, 2018 жылғы 1-7 шілде, Киев қ. ..... 216

**Библиография**
В.А. Карташкиннің «Права человека и принципы международного права в XXI веке» – М.: «Норма-Инфра-М» баспасы, 2018. – 148 б. монографиясына рецензия ..... 219

**Даналық ойлар** ..... 222



**Собственник и издатель:**
ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан»
**Издается с 2006 года**
Все материалы журнала размещаются на сайте **www.iz.adilet.gov.kz**
Включен в перечень изданий для публикации основных научных результатов диссертаций по юридическим наукам (Приказ ККСОН МОН РК №894 от 30.05.2013 г. )

**Состав Редакционного совета**
**Сарпеков Р.К.** *(Астана, Казахстан) – (председатель)*
**Абайдельдинов Е.М.** *– д.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Абызов Р.М.** *– д.ю.н. (Москва, Россия)*
**Белых В.С.** *– д.ю.н. (Екатеринбург, Россия)*
**Губин Е.П.** *– д.ю.н. (Москва, Россия)*
**Борчашвили И.Ш.** *– д.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Мельник Р.С.** *– д.ю.н. (Киев, Украина)*
**Моисеев А.А.** *– д.ю.н. (Москва, Россия)*
**Муромцев Г.И.** *– д.ю.н.( Москва, Россия)*
**Рахметов С.М.** *– д.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Малиновский В.А.** *– д.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Шерубай Құрманбайұлы** *– д.ф.н. (Астана, Казахстан)*
**Состав Редакционной коллегии**
**Кулжабаева Ж.О.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан) – (председатель)*
**Азер Алиев** *– PhD (Киль, Германия)*
**Айымбетов М.А.** *– заслуженный деятель культуры РК (Астана, Казахстан)*
**Байниязова З.С.** *– к.ю.н. (Саратов, Россия)*
**Елеусизова И.К.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Казиев З.Г.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Конусова В.Т.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Куликпаева М.Ж.** *– PhD (Астана, Казахстан)*
**Мушанов Т.Е.** *(Астана, Казахстан)*
**Нургазинов Б.К.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Нурмагамбетов Р.Г.** *– PhD (Костанай, Казахстан)*
**Рахимбердин К.Х.** *– д.ю.н. (Усть-Каменогорск, Казахстан)*
**Тегизбекова Ж.Ч.** *– к.ю.н. (Бишкек, Кыргызстан)*
**Тлембаева Ж.У.** *– к.ю.н. (Астана, Казахстан)*
**Редакция журнала**
**Колтубаева Г.Б.**
**Ермек А.Б.**
**Жумагелдина Б.Ж.**
**Байленова А.К.**
**Джамбуршин К.А.**

*Свидетельство о постановке на учет СМИ № 11219-Ж от 15.11.2010 г. Комитета информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан (№ и дата первичной постановки на учет №6592-Ж. 07.09.2005 г.)*

**Адрес:**
Республика Казахстан,
010000, г. Астана, пр. Мәңгілік ел, д. 8
тел.: 8(7172) 74-02-06;
факс: 8(7172)74-14-43
**www.iz.adilet.gov.kz**
E-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

## СОДЕРЖАНИЕ

**Колонка редакции** ... 9

*Отчет Министра юстиции Республики Казахстан Бекетаева М.Б. перед населением* ... 11

**Архивные страницы «Вестника»**

**С.К. ИДРЫШЕВА** О роли добросовестности, разумности и справедливости как принципов гражданского права (Вестник ИЗ РК, №2(18)-2010, с. 40-43) ... 14

**К.К. САБИРОВ** Возвращаясь к научной публикации С.К. Идрышевой о роли добросовестности, разумности и справедливости как принципов гражданского права ... 18

**Конституционное и административное право**

**А.А. КАРАЕВ** Понятие, состав и содержание конституционной безопасности ... 22

**Р.К. ДЖИЕМБАЕВ** О проблеме повышения уровня правосознания и правовой культуры граждан ... 30

**Гражданское и гражданско-процессуальное право**

**У.Е. КУДИЯРОВА** Этапы становления и сегодняшнего применения института наследования ... 38

**Уголовное право и уголовный процесс**

**А.Н. АХПАНОВ, А.Л. ХАН** О правовой природе и разграничении оперативно-розыскных мероприятий и негласных следственных действий ... 45

**Р.Т. НУРТАЕВ** Проблемы совершенствования норм Уголовного кодекса Республики Казахстан, регулирующих субъективные признаки составов экологических уголовных правонарушений ... 54

**Ж.У. ТЛЕМБАЕВА, Ф.Р. АХМЕДЖАНОВ** Лишение гражданства: некоторые вопросы законодательного регулирования и реализации ... 63

**Международное право и сравнительное правоведение**

**М.А. ШАКЕНОВ** Практика судов Германии по использованию правил прецедентного характера в судопроизводстве ... 70

**Правовой мониторинг**

**И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК** Анализ законодательства Республики Казахстан и зарубежных стран в части регулирования коммерческих юридических лиц, в том числе с участием государства ... 76

**А.А. ДАУЛЕТХАНОВА** О некоторых проблемах и перспективах развития автомобильного транспорта ... 88

**А.У. КАЛИЕВА** Некоторые вопросы правового мониторинга Трудового кодекса Республики Казахстан (по материалам аналитической справки на Трудовой кодекс РК) ... 98

**Н.М. АКИМОВА** Некоторые вопросы правового мониторинга Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» ... 108

**Из практики законотворчества на государственном языке**

**Н.М. ПРИМАШЕВ** Государственный герб Республики Казахстан: проблемы стандарта ... 117

**Н.Н. ИСАҚ** Роль языка в рамках программной статьи «Рухани жаңғыру» ... 121

**Трибуна молодого ученого**

**К.К. САБИРОВ, А.Т. БЕКЕН** Медиация как способ защиты прав добросовестного приобретателя ... 126

**Р.Е. ЖАКУПОВ** Вопросы деятельности национальных научных советов ........ 133

**А. АРЫСТАН, Г.С. ТАТЕБАЕВА** Договор транспортной экспедиции: проблемы квалификации и правового регулирования ........ 140

**Н.Б. БАГИСОВ** О некоторых проблемах применения мер обеспечения по делам об административных правонарушениях в области охраны окружающей среды и использования природных ресурсов ........ 150

**А.Е. АСАНОВ** Исполнительное производство в Республике Казахстан: проблемы и пути совершенствования ........ 157

*Итоги конкурсов научных работ среди молодых ученых к 25-летию Института законодательства РК*

**Д.М. БИРЖАНОВА** Перспективы демократизации нормотворчества на основе процесса цифровизации ........ 164

**К.Ф. ИСАБЕКОВА** Цифровизация в нормотворчестве: задачи и ожидаемые результаты ........ 170

**А.С. МОЛДАБАЕВ** О развитии Legal Tech в Казахстане на примере нормотворческой деятельности ........ 175

**А.Б. САТБАЕВА** Законодательное обеспечение реализации задач четвертой промышленной революции в Республике Казахстан ........ 180

**К. АЛЕХАНҚЫЗЫ** Некоторые вопросы поступления кандидатами женского пола в военные учебные заведения Республики Казахстан ........ 186

**А.М. АЙТУАРОВА** Вопросы применения зарубежного опыта в области правового регулирования электронного правительства ........ 191

**Хроника научной жизни**

Информационное сообщение об аллее памяти видного государственного и общественного деятеля, ученого-юриста Н.А. Шайкенова, г. Астана, 9 июня 2018 года ........ 197

Информационное сообщение о V международной научно-практической конференции на тему «Обеспечение верховенства права: новые возможности в свете глобальных изменений», г. Астана, 15 июня 2018 года ........ 200

Информационное сообщение по конкурсу научных работ среди молодых ученых-юристов Казахстана «Юридический IQ» ........ 205

Информационное сообщение по конкурсу исследовательских работ среди научных сотрудников Института законодательства Республики Казахстан ........ 207

Информационное сообщение о VII Летней правовой школе «Социально-трудовые отношения с участием иностранных субъектов», г. Санкт-Петербург, Российская Федерация, 22-26 июня 2018 г. ........ 210

Информационное сообщение о служебной поездке в Монголию, 25-30 июня 2018 года, г. Улан-Батор ........ 213

Информационное сообщение о служебной поездке в Украину, 1-7 июля 2018 года, г. Киев ........ 217

**Библиография**

РЕЦЕНЗИЯ на монографию Карташкина В.А. «Права человека и принципы международного права в XXI веке». – М.: Изд-во «Норма-Инфра-М», 2018. - 148 с. ........ 219

**Мудрые мысли** ........ 222



**Owner and publisher:**
SI «Legislation Institute
of the Republic of Kazakhstan»
**Published since 2006**
All journal materials are placed
on the website
**www.iz.adilet.gov.kz**
Included in the list of publications of basic scientific results of dissertations on legal sciences (Order CCES MES RK №894 from 05.30.2013)
**Editorial Council members**
**Sarpekov R.K.** *(Astana, Kazakhstan) – (Chairman)*
**Abaydeldinov E.M.** – *d.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Abyzov R.M.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Belih V.S.** – *d.j.s. (Ekaterinburg, Russian)*
**Gubin E.P.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Borchashvili I.Sh.** – *d.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Melnik R.S.** – *d.j.s. (Kiev, Ukraine)*
**Moiseev A.A.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Muromcev G.I.** – *d.j.s. (Moscow, Russian)*
**Rahmetov S.M.** – *d.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Malinovski V.A.** – *d.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Sherubai Kurmanbaiuly** – *d.ph.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Editorial Board members**
**Kulzhabayeva Zh.O.** – *c.j.s. (Astana, Kazakhstan) – (Chairman)*
**Azer Aliyev** – *PhD (Kiel, Germany)*
**Aiymbetov M.A.** – *Honored Worker of Culture of Kazakhstan, (Astana, Kazakhstan)*
**Bainiyazova Z.S.** – *c.j.s. (Saratov, Russian)*
**Eleussizova I.K.**– *c.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Kaziyev Z.G.** – *c.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Konusova V.T.** – *c.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Kulikpayeva M.Zh.** – *PhD (Astana, Kazakhstan)*
**Mushanov T.E.** *(Astana, Kazakhstan)*
**Nurgazinov B.K.** – *c.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**Nurmagambetov R.G.** – *PhD (Kostanai, Kazakhstan)*
**Rakhimberdin K.H.** – *d.j.s. (Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)*
**Tegizbekova Zh.Ch.** – *c.j.s. (Bishkek, Kyrgyzstan)*
**Tlembaeyva Zh.U.** – *c.j.s. (Astana, Kazakhstan)*
**The editorial staff**
**Koltubayeva G.B.**
**Yermek A.B.**
**Zhumageldina B.Zh.**
**Bailenova A.K.**
**Dzhamburshin K.A.**
*The certificate of registration of mass media №11219-G from 15.11.2010 from the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan (Number and date of primary registration №6592-Zh.07.09.2005.)*
**Address:**
The Republic of Kazakhstan,
010000, Astana, Mangilik el pr., 8
tel .: 8 (7172) 74-02-06
fax: 8 (7172) 74-14-43
**www.iz.adilet.gov.kz**
e-mail: instzak-kz@mail.ru,
institutzakonodatelstva@gmail.com

# CONTENT

**Editorial** ..... 10

*Report of the Minister of Justice of the Republic of Kazakhstan Beketayev M.B. to the public* ..... 11

**The archive pages of «Bulletin»**
**S.K. IDRYSHEVA** On the role of good faith, reasonableness and justice as the principles of civil law (Bulletin of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan, №2(18)-2010, p. 40-43) ..... 14
**K. K. SABIROV** Looking back to S.K. Idrysheva's article On the role of good faith, reasonableness and justice as principles of civil law ..... 18

**Constitutional and Administrative Law**
**A.A. KARAYEV** Definition, composition and content of constitutional security ..... 22
**R.K. DZHIEMBAYEV** The issue of the increase of the level of legal awareness and legal culture of citizens ..... 30

**Civil and Civil Procedural Law**
**U.E. KUDIYAROVA** Stages of the formation and current application of the institute of inheritance ..... 38

**Criminal law and Criminal procedure**
**A.N.AKHPANOV,A.L.KHAN** The legal nature and the distinction between operational-search measures and secret investigative actions ..... 45
**R.T. NURTAYEV** Problems of the improvement of the norms of the Criminal Code of the Republic of Kazakhstan regulating subjective signs of corpus delicti of ecological criminal offenses ..... 54
**Z.U. TLEMBAEVA, F.R. AKHMEJANOV** Deprivation of citizenship: some issues of legislative regulation and implementation ..... 63

**International and Comparative law**
**M.A. SHAKENOV** The practice of German courts on the use of rules of precedent nature in legal proceedings ..... 70

**Legal monitoring**
**I.K. ELEUSSIZOVA, D.M. TURLYBEK** AAnalysis of legislation of the Republic of Kazakhstan and foreign countries in the part of regulation of commercial legal entities, including with the state participation ..... 76
**A.A. DAULETKHANOVA** Problems and development prospects of automobile transport ..... 88
**A.U. KALIYEVA** Some issues of legal monitoring of the Labour Code of the Republic of Kazakhstan (based on the analytical reference to the Labour Code of the Republic of Kazakhstan) ..... 98
**N.M. AKIMOVA** Some issues of legal monitoring of Code "On people's health and the health system of the Republic of Kazakhstan" ..... 108

**Lawmaking practice in the official language**
**N.M. PRIMASHEV** National emblem of the Republic of Kazakhstan: problems of the standard ..... 117
**N. N. ISSAK** The role of language within the framework of programme «Rukhani zhanghyru» ..... 121

**Young scholar tribune**
**K.K. SABIROV, A.T. BEKEN** Mediation as a way of protection of the bona fide purchaser's rights ..... 126
**R.E. ZHAKUPOV** Issues of activities of the national scientific councils ..... 133

**A.B. ARYSTAN, G.S. TATEBAYEVA** Freight forwarding agreement: problems of classification and legal regulation ........ 140

**N.B. BAGISOV** Some problems of application of measures in cases of administrative offences in the field of environmental protection and use of natural resources ........ 150

**A.E. ASSANOV** Enforcement proceedings in the Republic of Kazakhstan: problems and improvement ways ........ 157

*The results of competitions of scientific works among young scientists due to the 25th anniversary of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan*

**D.M. BIRZHANOVA** Prospects for the democratization of rulemaking based on the digitalization process ........ 164

**K.F. ISABEKOVA** Digitalization in norm-setting: objectives and expected outcomes ........ 170

**A.S. MOLDABAYEV** The development of the Lega lTech in Kazakhstan in the sphere of legislative activity ........ 175

**A.B. SATBAYEVA** Legislative support for the implementation of the Fourth Industrial Revolution in the Republic of Kazakhstan ........ 180

**К. ALEKHANKYZY** Some questions of admission of female candidates to military educational institutions of the Republic of Kazakhstan ........ 186

**A.M. AITUAROVA** Issues of application of foreign experience in the field of legal regulation of e-government ........ 191

## The Chronicle of Scientific Life

Information note on the alley of memory of a prominent state and public figure, a legal researcher N.A. Shaikenov, Astana, June 9, 2018 ........ 198

Information note on the Fifth International Scientific-Practical Conference «Ensuring the Rule of Law: New Opportunities in the context of Global Change», Astana, June 15, 2018 ........ 202

Information note on the competition of scientific works among young legal scientists of Kazakhstan «Legal IQ» ........ 205

Information note on the competition of research works among research fellows of the Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan ........

Information note on the Seventh Summer school of law «Social 208 and labour relations with the participation of foreign entities», Saint Petersburg, June 22 - 26, 2018 ........ 211

Information note on a business trip to Mongolia, Ulaanbator, June 25-30, 2018 ........ 214

Information note on a business trip to Ukraine, Kyiv, July 1-4, 2018 ........ 218

## Bibliography

**REVIEW** on V.A. Kartashkin's monograph "Human rights and the principles of international law in the XXI century". – M.: Publishing house «Норма-Инфра-М», 2018. - 148 p. ........ 219

## Wise thoughts ........ 222



отырған мысалдардың бірін келтіруге болады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 54-бабы 1-тармағының 4) тармақшасында бекітілген «мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді, Республиканың мемлекеттік рәміздерін айқындайды» деген құзыреттерді Мемлекеттік рәміздердің саяси және құқықтық мәртебесіне орай, «Республиканың Мемлекеттік рәміздерін айқындайды, мемлекеттік наградаларды тағайындайды, Республиканың құрметті, әскери және өзге де атақтарын, сыныптық шендерін, дипломатиялық дәрежелерін белгілейді» деген жаңа редакциясын бекіту ұсынылады. Сонда Республиканың Мемлекеттік рәміздерінің мемлекеттік, құқықтық және ең бастысы, әлеуметтік дәрежесі арта түсер еді. Олай етілмесе, Мемлекеттік рәміздердің бұқаралық мәртебесі де, мәні де жеке сипаттағы құрметті, әскери және өзге де атақтар, сыныптық шендер мен дипломатиялық дәрежелерден төмен күйінде қала береді.

Сонымен мақаланың қорытындысын «Стандарттың өзі Стандарт болуы қажет» деп шығаруға болады. Стандарт сапасыз болса, ол реттейтін сала да сапасыз болады. Бұл белгілі - аксиома. Сондықтан Стандартты көзделген 2021 жылды күтпей, қазір түзету қажет. Сонда ғана Мемлекеттік Елтаңбаның мемлекеттік және құқықтық мәртебесін қамтамасыз етуге болады. Саяси мәртебе де осылай болады. Олай етілмесе, осы Мемлекеттік Елтаңба стандарты сияқты кез келген Ұлттық стандарт сапасыз құжаттардың бірі болып қала береді. Оны ешкім сұрамайды, ешкімге де керегі жоқ болады. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің тарихы мен оларды қолдану тәжірибесі оған куә.

---

**ӘОЖ 81´1:323 (574)**

# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДАҒЫ ТІЛДІҢ РӨЛІ
## (Ана тілін сыйламаған сыйламайды халқын да)

**Назым Наурызбайқызы Исақ**
*Қазақстан Республикасы Заңнама институты Лингвистика орталығы аударма секторының кіші ғылыми қызметкері,*
*Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: n.isak@adilet.qov.kz, nazka_20.05.94@mail.ru*

***Түйін сөздер:*** *Елбасы; Жолдау; мәңгілік ел; тәуелсіздік; латын графикасы.*

***Аннотация.*** *Тұғыры биік, асқақ арманы шарықтаған елде дүниеге келу әрбір қаны қазақ деп аққан, жүрегі елім деп соққан азамат арманының бір бөлігінің орындалғаны анық.*

*Тәуелсіздік алғалы бері қазақ елі әлемдік деңгейге шығып, фестивальдарда, олимпиадаларда, көрмелерде, мерекелік кештерде төбе көрсетіп, қандастарымыз елге жүлделі оралуда. Бұл егеменді тәуелсіз еліміздің айғағы.*

*Білім жүйесінде айтарлықтай тың өзгерістер енгізіліп, Мемлекет басшысының қолдауымен «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылды. Мыңдаған студенттер өз білімдерін өзге елде шыңдап, біліктілігін арттырып, шетел студенттерімен тәжірибе алмасып, елге өз еңбектерін сіңіруде.*

*Оқу орындарында білім жүйесі жаңартылып, әлемдік деңгейдегі практика қолға алынды. «Цифрлық Қазақстан» жобасы аясында электрондық оқу бағдарламасымен қатар электрондық кітапхана енгізілді. Барлық жастағы азаматтар кез келген білім жүйесінің түрімен таныса, оқуын жалғастыра алады.*

*Біз Тәуелсіздіктің 25 жылдығын артта қалдырған егеменді елміз. Елбасымыз жыл сайынғы жолдауында халықтың жағдайын жақсарту мәселесін ұмытқан емес.*

*Мемлекет басшысы «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында латын графикасына ауысу туралы бастамасын айтқалы бері қоғамда әртүрлі пікірталас орын алды. Бұл тарихи шешім – ресми жаңа бетбұрыс кезеңіне жол тапты. Халықаралық тәжірибе ескеріліп, тіліміз төл дыбыстарымызға негізделіп, жаңа әліпбимен қазақи тілдің табиғи ерекшеліктеріне бағындыру сынды күрделі мәселелер күтілуде.*

---

[2] *Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы // «Әділет» АҚЖ. (Қаралған күні 18.03.2018)*

*Латын графикасын қабылдаудағы басты мақсат – Қазақстандағы әрбір азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруіне жағдай жасау болып табылады. Қазақстанның латын графикасын қабылдауы – бұл үлкен жетістіктердің кілті. Ол – Қазақстанның, қазақ рухының, қазақ тілінің Мәңгілік Елімен бірге жасауының басты кепілі болмақ.*

# РОЛЬ ЯЗЫКА В РАМКАХ ПРОГРАММНОЙ СТАТЬИ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
## (Тот, кто не уважает родную речь, не уважает родного народа)

**Исақ Назым Наурызбайқызы**
*Младший научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистики*
*Института законодательства Республики Казахстан,*
*г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: n.isak@adilet.qov.kz, nazka_20.05.94@mail.ru*

***Ключевые слова:*** *Елбасы; Послания; мәңгілік ел;независимость; латинская графика.*

***Аннотация.*** *Родиться в стране с большим будущим и амбициями – это исполнение желания каждого гражданина, у которого в жилах течет казахская кровь.*

*С тех пор, как мы получили независимость Казахстан вышел на мировой уровень и участвует в фестивалях, олимпиадах, выставках, праздничных вечерах и т.д., наши соотечественники возвращаются с призовыми местами. Это показатель суверенной и независимой страны.*

*В системе образования были внесены существенные изменения, так при поддержке Главы государства осуществляется программа «Болашак». Тысячи студентов получают и улучшают свои знания в других странах, повышают квалификацию, обмениваются опытом со студентами других государств и трудятся во благо страны.*

*В учебных заведениях обновляется система образования, используется практика мирового уровня. В рамках проекта «Цифровой Казахстан» введены электронные учебные программы, электронная библиотека. Граждане всех возрастов могут продолжать учебу, ознакамливаясь со всеми видами любой учебной системы.*

*В настоящее время в исторической летописи казахского народа можно золотыми буквами прописать этот период. Потому что мы суверенная страна с историей 25 летия независимости. Лидер нации в своем ежегодном послании народу Казахстана не забывает об улучшении условий народа.*

*С тех пор, как Глава государства в Программной статье «Рухани жаңғыру» отметил инициативу о переходе на латинскую графику, в обществе имели место разные рассуждения и диспуты. Это историческое решение – направление в новый переломный период. С учетом международного опыта ожидается значительный вопрос подчинения нашего языка новому алфавиту, основываясь на оригинальные звуки.*

*Главная цель принятия латинской графики является создание условий каждому гражданину Казахстана для усвоения государственного языка. Принятие в Казахстане латинской графики – это ключ к большим успехам. Это – залог успеха Казахстана, казахского духа, казахского языка.*

# THE ROLE OF LANGUAGE WITHIN THE FRAMEWORK OF PROGRAMME «RUKHANI ZHANGHYRU»

**Issak Nazym**
*Junior researcher of the sector of translation of Linquistic center*
*of the Institute of Leqislation of the Republic of Kazakhstan, Astana,*
*Republic of Kazakhstan; e-mail: n.isak@adilet.qov.kz, nazka_20.05.94@mail.ru*

***Key words:*** *Head of the state; Addresses;independent nation; Latin graphics.*

***Abstract.*** *To be born in a country that has great future and ambitions means that a part of the dream of patriotic citizen becomes true.*

*Since Kazakhstan gained independence, it has reached the world level and participatesin festivals, olympiads, exhibitions, festive evenings, and other similar events, our compatriots return to the country with prize-winning places. This is an indicator of a sovereign and independent country.*

*Substantial changes were made in the education system, so with the support of the Head of State, the «Bolashak» program has been implemented. Thousands of students receive and improve their*

*knowledge in foreign countries, improve their qualifications, exchange experience with students from other countries and work for the good of the country.*

*In educational institutions the educational system has been updated, world-class practice has been used. Within the framework of the project «Digital Kazakhstan», the electronic educational programs and electronic library have been introduced. Citizens of all ages can continue their studies, acquainting themselves with all kinds of any educational system.*

*At present, this is the period that should be writtenin the historical chronicle of the Kazakh peoplein gold letters. Because we are a sovereign country with a history of 25 years of independence. In his annual message to the people of Kazakhstan, the Leader of the Nation does not forget about improving the conditions of the people.*

*Since the Head of State in the Program article «Rukhanijangiru» noted the initiative to switch to the Latin schedule, different arguments and debates took place in the society. This is a historic decision – the direction to a new tipping point. Taking into account an international experience, it is expected that the language will be subordinated to the new alphabet based on the original sounds.*

*The main goal of adopting the Latin script is to create conditions for every citizen of Kazakhstan to learn the state language. Acceptance of Latin graphics in Kazakhstan is the key to a great success. This is the key to the success of Kazakhstan, Kazakh spirit and Kazakh language.*

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе»,– деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ұлы дала бесігінде ұлылығын танытып, жырымен жер жаһанды тебіренткен, сазды әуенімен саңлақ ақындар әлем деңгейінде өнер көрсеткен қарапайым қазақ халқы қанға біткен өнерімен қашанда қадір-қасиетін жоғалтпақ емес.

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» – Мәңгілік Елге бастайтын ең абыройлы, ең мәртебелі жол»,[1] – деген сөздері қашанда халқымызға жігер мен рух беріп отырады.

Мемлекет қызметінің түбегейлі қағидаттары: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм. Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешілетіні Конституцияда жазылған.[2] Жолдауда осы мәселені де Елбасымыз көтерді.

Елбасының еңбектерінде талай рет қозғалған үлкен тақырып – тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында жастарды азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдеп-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру міндеттері жөнінде нақты айтылған. «Дауға салса, алмастай қиған, ойға салса, қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде ештеңе жоқ» – деген Н.Ә.Назарбаев әрдайым мемлекеттік тіл мәселесін тілге тиек етеді.[3]

Қазақ тілі – түркі тілдері тобындағы біршама жас тіл екеніне қарамастан, дамудың күрделі процестерінен өткен, құрылымы әр түрлі тіл. Қазақ тілінің фактілері оның осы күнгі ұлттық дамуында үш негізгі тармақ бар екенін көрсетеді. Олар: 1) әр түрлі стильдік салада қолданылатын жазба және ауызша түрлері бар әдеби тіл; 2) жергілікті немесе әлеуметтік сипаты бар тіл ерекшеліктерінен тұратын диалектілер мен говорлар; 3) жалпыхалықтық сипаттағы ауызекі сөйлеу тілі. Осы күнгі ұлт тілінің жоғарыда айтылған үш тармағын тек кейінгі заманда пайда болған деп қарауға болмайды. Оның негізгі халық тілі қалыптасқан кезде салынған. XV – XVI ғасырлар мен XIX ғасырдың бірінші жартысы аралығындағы қазақтың халық тілі де үш тармақтан: 1) ауызша әдеби тілден, 2) жергілікті диалектілер мен говорлардан, 3) ауызекі сөйлеу тілінен тұратынын көреміз [1, 427 б.].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған Жолдауындағы қазақ тілі мен тілдердің үштұғырлығы жайлы саясаты біздің еліміздің болашағы үшін маңызды. Елбасы елдегі көп ұлттың қамын ойлай отыра, тіл саясатына аса жауапкершілікпен қарайды. Мемлекет тарапынан қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі жасалып жатқан ізгі іс-шаралар мемлекеттік тілдің тұғырын нығайта түсіп, қазақ тілінің, шын мәнінде, мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілуіне жол ашады деген Елбасының бол

[1]*Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты//akorda.kz*
[2]*Қазақстан Республикасының Конституциясы // «Әділет» АҚЖ*
[3]*Білім туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы // «Әділет» АҚЖ.*

жамы Мәңгілік елдің құрылуына әкеледі. Тәуелсіздікті ту еткелі еліміздің көптеген қазақ жазушылары, тілшілері, лингвист-ғалымдар, тіл жанашырлары латын графикасына көшу туралы бастамашылық танытқан болатын. Бұл мәселе сонау 1929-40 жылдары да көтерілген еді. Елбасының тілге деген жанашырлығы баршамызға тайға таңба басқандай белгілі. Әр халық, әр мемлекет ғасырлар бедерінде рухани жаңғырып отырады. Осы үдерісті тездету мақсатында Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев осы саяси мәселені қолға алып, 2017 жылғы 26 қазанда «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлыққа қол қойды. «Біз бұл мәселені Тәуелсіздікті алғалы ойластырып жүрміз» – деген Елбасы әрдайым ел қамын назардан тыс қалдырмайтыны анық.

Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Қазақ халқы ежелден тілі, жазуы сауатты халық болған. Күлтегін баба тасқа қалаған рунилық жазуды қазақ халқы Х ғасырға дейін қолданды. Ислам діні келгеннен кейін араб тілін қолдана бастадық. Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында араб тілінің әсерімен, ескі қазақ жазба тілінің әсерімен келген әр түрлі элементтерді басып, әдеби тілдің негізінен жалпыхалықтық тілді алып, сол тілдің негізінде ұлттық әліпби жасаған. Алаш зиялыларының ана тілін дамытудағы идеологиясын ұстана отырып, Елбасының «Ана тіліміз Мәңгілік елімізбен бірге Мәңгілік тіл болады!» – деген сөзін жадымызда түйіп, мемлекеттік тілдің жаңа даму сатысына жетелейтін латын графикасына көшу мәселесі – уақыт талабы тудырған тарихи, рухани қажеттілік [2, 25 б.].

Қазақ тілінің жазу тарихында әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. Бірнеше ғасыр бойы қазақ халқы араб графикасына негізделген әліпби жүйесін пайдаланып келген еді.

Қазақ жазуы – қазақ халқының мәдени өмірінде басқа да түркі халықтарымен бірге пайдаланып келген әр түрлі әріп таңбаларынан тұратын дыбыстық жазу жүйесі. Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары (б.з.б. 5 – 4 ғ.) пайдаланған көне («Есік жазуы») жазу сол тайпаларға тән мәдениеттің (жазуының да) тарихи мұрагері – қазақ халқының негізін құраушы үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Көне замандағы қазақ ру-тайпаларының түркі дүниесіне ортақ Орхон-Енисей, Талас ескерткіштеріне негіз болған «руна» жазуы (5 – 12 ғ.), көне ұйғыр жазуы, 8 ғасырдан бастап күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан араб жазуы, (Қытай қазақтары ағарту жүйесінде) бір кездерде (1929-40; Қытай 1960-1970) қолданыста болған латын жазуы, кириллица жазуы (1940 жылдан кейін) – осылардың бәрі Қазақ жазуының негізі болып саналады. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынов реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 30-жылдарға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді. Бұл жазудың емлесі морфол. дәстүрлі шарттарға негізделген. 1940 жылы орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиясы емлесіне әр кезде (1957, 1970), әртүрлі өзгерістер енгізілді. Кириллица негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты кейінгі жылдары (1993 жылдан бастап) қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылып отыр [3].

Әліпби, емле және оны реформалауға байланысты қазақ ғалымдары арасындағы пікірталас алғашқыда «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» газеттері беттерінен көрініс тапты. 1920 жылдан бастап «Еңбекші қазақ», «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттерінде де көрініс тауып, Латын графикасына көшу арқылы тәуелсіздікті баянды етуге, өркениетті елдердің қатарына қосылуға құлықтылық рухани жаңғыруға қоғамның дайын екенін көрсетіп берді. Қазіргі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана қолданады екен. Демек, латын графикасы кең таралған жазу түрі. Латын әліпбиінің базасы қалыптасқан әрі ауқымы кең. Біз заман талабына сай қолға алынып жатқан істерден біршама артта қалдық десек болады. Қазақ тарихында латын әліпбиінің қолданысы ұзақ болмады. Ал басқа түркі тілдес мемлекеттер бұл ортақ заңдылықты сақтап қалды. Осындай заңдылықтарды біріздендіру негізінде іске асырылып жатқан бұл мәселе тіл нормасын сақтап қалудағы нақты әрі батыл шешім. Бұл өзгеріс тіліміздің терминологиялық, фонологиялық және лексикалық дамуына әсер етіп, үлкен өзгерістер мен жетістіктерге жетелейтін жолдың дамуына бірден-бір кепіл бола алады.Тілді, мәдениетімізді, ұлттық кодты сақтап қалу мақсатында ашық әрі зайырлы қоғам қалыптастыруда көптеген іс-шаралар өткізілуде.

Елбасы ең алғаш бұл мәселені 1990 жылдары, кейін 2006 жылы қозғаған болатын. Алайда халық арасында үлкен талқыға себеп болған бұл жоба қолдау таппаған еді. Бүгінгі биліктің бұл тақырыпты қайта қозғауы болашақта өз тілін құрметтейтін, дәріптейтін, жетік меңгеретін саналы ұрпақ тәрбиелеудің маңызы зор екенін ұмытпаған жөн. Болашақ жастардың қолында екенін ескеретін болсақ, қазіргі кезден бастап білім беруде латын қарпін пайдалану болашақ ұрпақтың оны жетік меңгеруіне себеп болады.

Латын графикасына көшудегі мақсат – ең алдымен сана тұрғысынан тәуелсіз, еркін, азат ұрпақ қалыптасады. Бұл – саяси мәселе.

Бұл – бодандықтан құтылу, оның кез-келген іздерін азайту. Мүмкіндігінше, келесі буын бодандықтың ешқандай ізін көрмей өсуіне себепкер болады.

Латын графикасы туралы халыққа түсіндірме жүргізу ретінде социо-лингвист, психо-лингвист, экономист сында тағы да басқа тіл жанашырларын тарта отырып үгіт-насихат жүргізу керек. Себебі, біз араб тілін, латын әліпбиін (1929), кириллица (1940) жазуындағы қазақ тілін қалыптастыруда тіліміздің шынайылылығын, тазалылығын жоғалтып алғандаймыз. Қазақ сыныбында оқитын оқушылыр төл дыбыстарымызды «ң», «ғ», «ө» сынды әріптерді дұрыс дыбысталуын жоғалтып алғандай.

Латын графикасына көшуде өзге себептермен қатар, тілдік тұрғыдан осы бір қиындықтарды шешуге, қазақ тілінің дыбыс жүйесін сақтайтын, табиғатына сай жүйелі жетілген әліпбиді түзу мүмкіндігі туып тұр. Жаһандану кезеңіне аяқ басқан ұлы көш-керуенінің соңында қалып қоймай, бел ортасында жүруіміз үшін тіліміздің өркендеуіне үлес қосу – еліміздің әрбір азаматына жүктелер жауапкершілік. Латын әліпбиіне көшу – қазақ халқының алға жылжуына, заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Тіл ауыспайды, таңба ауысатынын ескере отырып, бар қазақтың басын біріктірер латын әліпбиі қазақ халқын әлемге танытатыны сөзсіз.

Қазақ елінде салт-дәстүрі, ұлты, діні әртүрлі азаматтар бейбіт елдің шаңырағында тату-тәтті өмір сүруде. Егемендікті ту еткелі Мемлекет басшысы қазақ халқын қашанда жыл сайынғы жолдауларымен жігерлендіріп, жүректеріне сеніп ұялатып, болашаққа дұрыс бағдар беріп қана коймай, әрдайым көрегенділігін көрсетіп салиқалы істер тындыруда.

Қазақстан өзге мемлекеттерге үлгі боларлық тәуелсіз, тату, көп ұлтты, зайырлы, кең байтақ жері мен әуелеген әні бар жас мемлекет. 25 жылды артқа тастап, болашақтан үлкен үміт күтетін бұл мемлекетіміз әрдайым биік шыңдар мен белестерді бағындырары сөзсіз.

Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астындағы баянды да бақытты ғұмырымыз ұзағынан болғай. Жасампаз еліміздің жарқын болашағы баянды болмақ! «Білекке сенер заманда – ешкімге есе бермедік. Білімге сенер заманда – қапы қалып жүрмейік» – деп Абылай хан айтып кеткендей, ертеңгі күннің болашағы бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән екенін естен шығармайық.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы:Санат, 1993. – 435 бет.
2. Хасанова С. Қазақ жазуы мен оқуының бастаулары (көне түркі және араб, латын жазбалары). – Алматы, 2007. – 257 бет.
3. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. http://yandex.kz/clck/jsredir?bu=32xuyk&from=yandex.kz%3Bsearch%2F%

## REFERENCES

1. Ahanov K. Til biliminiң negizderi. – Almaty, 1993. – 435 bet.
2. Hasanova S. Қazaқ zhazuy men oқuynyң bastaulary (kөne tyrki zhəne arab, latyn zhazbalary). – Almaty, 2007. – 257 bet.
3. Қazaқ ədebieti. Jenciklopedijalyқ anyқtamalyқ. – Almaty: «Aruna Ltd.» ZhShS, 2010. http://yandex.kz/clck/jsredir?bu=32xuyk&from=yandex.kz%3Bsearch%2F%